



«E-Quzmet» жүйесі жаңарды

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі өткен жылдың соңында «E-Quzmet» ақпараттық жүйесін жаңғырту бойынша жұмыстар жүргізді.

Аяулм СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сыртқы порталда мемлекеттік қызметке жаңа іріктеу алгоритмі әзірленіп, конкурстық рәсімді өткізу форматы қайта қаралды. Мемлекеттік органдарда өткізілген 1246 астам конкурсқа 5 815 үміткер қатысып, оның 652-і жеңімпаз деп танылды.

Агенттік төрағасы Дархан Жазықбайдың айтуынша, «E-Quzmet»-те өзге ақпараттық жүйелерден үміткер туралы ақпарат алу, оның соттылығы немесе өзге заң бұзушылықтарға қатысы бар-жоғын тексеру, біліктілік талаптарына сай келуін қарау жүйесі автоматтандырылды. Ол мемлекеттік қызметке үміткерлерді артық құжат жинаудан босатады.

Сонымен бірге, «E-қызмет» жүйесінің 24 модулі жаңартылды. Оның ішінде «Тәртіптік бақылау», «Бағалау», «Іс-сапарлар», «Тағлымдама», «Оқыту» модульдері бар. Жүйеге барлық мемлекеттік органдар туралы толық ақпарат енгізіліп, оның мобильдік қосымшасы әзірленді. Қазіргі уақытта жүйені пайдаланушылар саны 88 мыңға жуық мемлекеттік қызметшіні құрайды.

Дархан Жазықбайдың сөзіне сүйенсек, жаңа жоба аясында азаматтардың мемлекеттік қызметке деген қызығушылығы артқан. Быыл жаңа іріктеу жүйесін кезең-кезеңмен барлық мемлекеттік органдарда енгізу жоспарланған. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметтегі бюрократиялық кедергілерден арылуға маңызды құралы ретінде кадрлық процестерді одан әрі цифрландыру жүргізілуде.



МӘСЕЛЕ

Қауіпсіздік қаперіңізде жүрсін

Быттыр тұрмыстық газ баллонының жарылуы бес рет қайталанған. Тұрмыстық газ қоспасының өртке орауы кәсіпорындар мен тұрғын үй секторында ауық-ауық кездесіп, жанымызды түршіктірмей, қалыпты жағдайға айналып жатқаны ойлантанды. Өкінішке қарай, жазатайым оқиғалардың көпшілігі тұрғын үйде оқыстан орын алып жатады. Айта кетерлігі, газ баллоны отқа оранбай тұрып, ауа ағынымен жарылған күннің өзінде де адам айтқысыз қауіп төндіреді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

—Быттыр қаламыздағы Щорс көшесінде қосқабатты үйлердің бірінде осындай оқиға болды. Нәтижесінде газ бен ауа қоспасының жарылуы салдарынан пәтердің қабырғалары сәтінеп, үй ішіндегілер зардап шекті. Шыны керек, ондай жағдайда үйдің іші жым-жылас боларлық қауіп бар екендігін, тіпті, жарылуы ауқымнан көрші-қолан да едәуір зарар тартатынын қатаң ескертеміз, — деп түсіндірді қалалық төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері Әлішер Аманбеков.

Мұның барлығы қарапайым тұрмыстық газ аспаптарын пайдалану ережесін білмегендіктен өрістеп жатады. Газ құрылғылары мен арнаулы цилиндрлер жайлылық пен ыңғайлылықты қамтамасыз ететін көптеген отбасының күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналғалы қашан. Тұрмыс құраушы зат болғандықтан, қарапайым адамдар қауіпсіздікті есте қаперіне ала бермесі кәдік. Ресми тұр-

Жаңа автобус, жаңа желі, жаңа мүмкіндік

Құрыш қаланың маңдайалды көрнекі жәдігеріндей болған трамвай паркі қайта жаңартылмақ. Аталған парктің өзі 1959 жылы іске қосылған. Қала тұрғындары трамвайсыз қаланы айналып өту қиынға соғатыны туралы толассыз шағымданатын бертіңге дейін. Трамвай қозғалысын қалпына келтіруді экобелсенділер де қолдады. Облыс аумағындағы жолаушылар тасымалы саласындағы ағымдағы ахуал туралы аппараттық кеңесте жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мақсұт Қожанов кеңірек баяндады.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІГІ

400 жаңа автобус сатып алынды

Электронды билет жүйесі енгізілді ONAY! (Қарағанды, Саран, Балқаш және қала маңындағы бағдарлар)

Қарағандыда 18 жасқа дейінгі балаларға жол жүру тегін

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІГІ

Жол ақысы 80 теңге. 2014 жылдан бері өзгерген жоқ

Орташа есеппен айырысу тарифі 2023 жылы ЖЖМ, жалақы, амортизация шығыстарын ескере отырып, 320 теңгені құрайды

Алматы	100	200
Қостанай	100	170
Петропавл	100	170
Көкшетау	100	180
Орал	100	200
Астана	90	180

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыста қоғамдық көлікті цифрландыру сәтті жалғасуда дегуе боларлық. ONAY! жол ақысын төлеу жүйесіне биыл Теміртау мен Шахтинск қалаларының да қоғамдық көліктері көшірілу үстінде. Демек, алдағы күндері Теміртау және Шахтинск автобустарында төлем жүйесі өзгертілімек.

— Теміртауда трамвай қатынасы қалпына келтірілімек. Бұл бағытта Qazmet тарапынан түсіністік бар. Ал, біз өз тарапымыздан барынша жәрдем көрсетуіміз керек, бұл — қала үшін маңызды міндет, — деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Сондай-ақ, ол қалалар мен аудандардың әкімдеріне ең сұранысқа ие ауданишілік және кентішілік маршруттар бойынша тасымалдауды ұйымдастыру бойынша жұмысты жандандыруды әрі қоғамдық көлікті жаңартуды жалғастыруды қадап тапсырды.

Соңғы төрт жылда облыс тасымалдау-

шылары 400-ге жуық жаңа автобус сатып алды.

— Кейінгі 10 жылда алғаш рет серіктес қалалармен қалааралық маршруттардың жылжымалы құрамын ауыстыру үшін 44 жаңа автобус сатып алынды. Нәтижесінде Қарағанды маңына қызмет көрсететін автобустардың шамамен 50 пайызы жаңартылды. Облыс орталығында автобустардың орташа пайдалану мерзімін 11 жылдан 6,5 жылға дейін төмендетуге мүмкіндік тулды. Автобустар отандық «QazTehna» автоөндірушісінен сатып алынды, — деді Мақсұт Қожанов.

Ал, аудан орталықтарының ішінде маршруттық желіні дамыту жаңа қарқын алды. Ботақара мен Нұрада автобустар іске қосылса, Қарқаралы қаласында қалаішілік маршрут ашу жоспарлануда.

— Соңғы жылдары жолаушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша

айтарлықтай жұмыстар атқарылды. Бұл — автобус паркін жаңарту, электронды билет жүйесін енгізу, 7 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға облыс орталығында тегін жол жүру мүмкіндігі. Бірақ, кешенді шешімді қажет ететін түйткілді мәселелер де бар. Тұрғындардан кешкі уақытта автобустардың жұмыс кестесін ұзарту туралы өтініштер келіп тұсуде. Қарағанды әкімі мен жолаушылар көлігі басқармасы қалалық және ауданаралық маршруттар бойынша, атап айтқанда, танертенгі, кешкі қарбалас уақытта автобустар қозғалысының жүйелілігін арттыру жөнінде шаралар қабылдасын. Автобустардың қозғалыс уақытын сағат 22:00-ге дейін ұзартуды ескере отырып, қаланың шалғай бөліктері мен қала маңындағы бағыттар бойынша кезекшілік кестесін ұйымдастыру бойынша ұсыныс енгізу қажет, — деді Ермағанбет Бөлекпаев.



де тұтыну себегінде жоқ болса да, оның коммуналдық ресурс ретіндегі орны бар. Заң қаншалық шектеу қойса, соншалық сұранысқа ие баллон әзірге ығысар емес.

— Теміртау шаһары алтыншы шағынаудандағы бес қабатты тұрғын үйде газ баллоны жарылып, іле-шала өртке оранған. Алау алты шаршы метрді жайлаған. Үй

ішіндегі екі ересек түрлі деңгейдегі жаракат алған. Балалар көміртегі тотығымен уланған. Отбасы мүшелерінің барлығы да емханаға жөнелтілді, — деп қосты Әлішер Асхатұлы.

Енді заңнамаға жүгінелік. Қазақстан Республикасының газ және газбен жабдықтау туралы заңына сәйкес, тұрмыстық газ баллоны екі қабаттан жоғары үйереттерде қолдануға тыйым салынады. «Осындайда қосқабатты үйлерге рұқсат етілген газ жабдығы бес қабатты үйлерге неге рұқсат етілмейді?» деген тосын сауал туындары рас. Шынтуайтында, жарылуы жағдайында бес қабатты тұрғын үйлер ондағы отбасын да, мемлекет қорын да адам айтқысыз шығынға ұластыру ықтималдығы өте жоғары.

Не дегенімізбен, тұрғындар газ жабдығын үйінде тұтынуға мүдделі және астыртын тұтынып та жүргендігі белгілі. Мұны байқаған жандар дереу Назарбаев 39 мекенжайындағы тұрғын үй инспекциясы бөліміне, яки, 42-11-05 телефон нөміріне қонырау шала алады.

Тағы бір ескерту. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 729-бабына сәйкес, газ жабдығына байланысты әлдеқандай тәртіп бұзушылық тіркелген жағдайда жергілікті атқарушы құзырлы мекемелер тиісінше хаттама толтыруға құқылы. Нақтылағанда, қауіпсіздікті қаперіне алмай, тұрмыстық газ жабдығын пайдаланған жан жеті айлық көрсеткіш мөлшерінде айыппұл арқалайды. Шағын кәсіпкерлік өкілдері — 10 АЕК, орта кәсіппен айналысатындарға — 15 АЕК, үлкен

ӨЗЕКТІ

Уақыт белдеуі өзгереді

Қазақстанда бірінғай уақыт белдеуі орнатылады. Бұл туралы Сауда және интеграция министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады. Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасының аумағында уақытты есептеу тәртібі туралы» Үкіметтің қаулысына өзгерістер енгізілуіне байланысты елдің бүкіл аумағында 2024 жылғы 1 наурыз, сағат 00:00-ден бастап, бірінғай, 5-ші уақыт белдеуі (UTC+5) қолданылады.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қаулыға сәйкес, Астана, Алматы, Шымкент қалалары, Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Шығыс Қазақстан, Абай, Жетісу және Ұлытау облыстары 2024 жылғы 29 қаңтардан 1 наурызға қараған түні сағат 00:00-де жергілікті уақытты 1 сағатқа артқа шегіндіреді.

Бірінғай уақыт белдеуін орнатуды Қазақстанда уақытты есептеу мәселелері бойынша жұмыс тобына кірген қазақстандық ғалымдар мен сарапшылар ұсынған болатын. Жұмыс тобында ғылыми институттардың, медициналық жоғары оқу орындарының, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың өкілдері, Парламент депутаттары және тағы басқалар бар. Медицина, физиология, география, метрология және басқа да түрлі бағыттарды зерттейтін жұмыс тобының мүшелері ел аумағында қолайлы уақыт белдеуін белгілеу мәселесін зерттеді.

Сарапшылар UTC+5 уақыт белдеуі ең дұрыс және оңтайлы нұсқа болып табылады деген пікірге келген. Бұл ретте халықаралық тәжірибе де зерделенген. Нәтижесінде, бірінғай уақыт белдеуі әлемнің 175 елінде қолданылатыны анықталды.

Сарапшылар сондай-ақ, бірінғай уақыт белдеуін белгілеу еліміздің түрлі өңірлерінің тұрғындары арасындағы уақытша кедергілерді жоюды, көлік және басқа да коммуникацияларды үйлестіруді жақсартады, бизнесті жүргізуге, мемлекеттік органдар мен шұғыл қызметтердің өзара іс-қимылына жағымды әсер ететінін атап өтті.

Бүгінгі таңда Қазақстанда UTC+5 және UTC + 6 екі уақыт белдеуі қолданылады. Елдің басым бөлігі UTC+6 аймағында орналасқан.

кәсіп тізгіндегендер 20 АЕК көлемінде айыппұл төлейді.

Тағы бір жағымсыз мысал. Жаңа жыл қарсаңында Саран қаласындағы үй отқа оранып, үй иелері баспанасыз қалған қайғылы жағдай да елдің есінде. Оқиға былай өрбіген. Тұрғын газ баллонын қоспас бұрын, цилиндрді авто-газ құю станциясында толтырып, онан соң жылытып алмақшы болған. Пештің маңында тұрған темір құты кеңейіп, қысымы күшейген. Нәтижесінде жарылуы шеңбері барқитып үйдің шарбағына дейін қамтыған. Бағына орай, өлім-жітім жоқ. Осыдан келіп, газ құрылғысын қолданбас бұрын арнайы мамандарға жүгінген абзал екендігін ескертеді аға инженер.

Газ аспаптарын мерзімді тексеру және оларға техникалық қызмет көрсету — қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізі. Газ аспаптары өндірушінің нұсқауларына және қауіпсіздік нормативтеріне сәйкес орнатылуы тиіс. Газдың жиналуын болдырмау үшін үй ішінде жақсы желдетуді қамтамасыз еткен маңызды. Қолданар алдында цилиндрдің тұтастығына мән беріңіз. Цилиндрді жылу көздеріне жақын жерде сақтамаңыз.

Газ баллонын көлік станцияларында толтыру аса қауіпті. Өйткені, газ құтысына небары 80-85 пайыз көлемінде ғана толтырылғаны аса маңызды. Және ондай жерлерде газ жабдығының қауіпсіздігі тексерілетіні аян.

Азаматтық қорғау органдарының қызметі өкілдері өңірді жаппай газдандыру амалдары қауіпсіздік кепілі екендігін хабарлайды.



• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Халық қатысатын жоба


Теміртау қаласында 20 қаңтардан бастап «Халық қатысатын бюджет» жобасына ұсыныстар қабылдау басталды. Бұл жобаның арқасында қала тұрғындары өз елдімекенін сәулеттендіру мен дамытуға атсалысып, өз идеяларын тиянақты жобалай алады. Оны жасау үшін интернеттен қажетті кескіндемелі алып, шамамен оған кететін шығынды көрсету керек. Халықтан жобаға қатысуға өтінімдер 1 наурызға дейін қабылданады.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Теміртау қалалық экономика және қаржы бөлімінің сектор меңгерушісі Айгүл Дүйсенбаева ол туралы былай дейді: «Жобаға қатысу үшін электронды цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, қала әкімдігінің сайтына жобалық ұсыныс түсіру керек. Олар мынадай талаптарға сай болуы тиіс: нысан жылы қолданыста, қала аумағында, коммуналдық меншіктегі жер телімінде болып, идеяның жүзеге асырылуы қалалық әкімдіктің құзыреті шегінде болғаны жөн.

Осы жоба қолға алынғаннан бері Теміртау қаласында балалардың 2 ойын алаңы мен Бауыржан Момышұлы даңғылы бойында гүлзар іске қосылған. Ал, биыл жүзеге асырылатын тағы бір жоба бойынша 70-орамдағы гүлзар абаттандырылатын болса, тұрғындардың ендігі жаңа идеяларына 55 миллион теңге бөлінген.

Айгүл Дүйсенбаеваның айтуынша, ол аумақты көгалдандыру, аяққолдарды төсеу мен жөндеу, көшелер мен жаяу жүргінші жолдарын жарықтандыру, орындықтар мен коқыс салатын ыдыстар орнату, ойын



алаңдарын реттеу, тағы да басқа жұмыстарды қамтымақ.

жүзеге асырылатын болады.

ТЕМІРТАУ

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Аймақ спорты – абырой биігінде

Өткен жылы Қарағанды облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы, өңірдің спорт мектептері мен ұйымдары түрлі спорт бағыттары бойынша бірқатар жұмыс атқарды.

Біз сіздермен мақтанамыз!

2023 жылдың басты спорттық оқиғасы Қытайдың Ханчжоуындағы Азиялық және Паразиялық ойындар болды. Қарағандылық спортшылар 12 медаль жеңіп алды!

Қазақстанның спорт тарихына Данил Мұсабаев енді. Еліміздің спорты тарихында алғаш рет батут гимнастикасынан жеке өнер көрсетуден Азия ойындарынан алған күміс медаль бар.

Кирилл Тубаев байдаркада ескек есуден қола жүлдеге ие болды.

Синхронды жүзудегі тамаша нәтиже! Бұл спорт түрінде дүрт болған Арина Пушкина мен Ямин Тұяқова есімді аналы-сінді Неміштердің ізімен жүріп, даңқты оқиғаны жалғастырды. Командалық өнер көрсетуден қола медальдарды Наргиз Болатова бен Ксения Макарова, Этери Какутия және Арина Мясникова жеңіп алды.

Қарағандылық спортшылар Ханчжоуда өткен Азия ойындарында екі алтын мен төрт қола медаль жеңіп алды.

Диас Кенжебек жүзуден алтын жүлденің иегері атанды. Ол 100 метр қашықтықты 1:05:42 уақытында жүзіп өтіп, Азия мен Азиялық пара ойындарының рекордын жаңартты. Дастан Мұқашбеков ядро лақтырудан алтын алды. Роман Потапов 100 метр қашықтыққа шалқалап жүзуден қола жүлдеге ие болды. Даяна Федосова дзюдодан қоланы қанжығалады. Наталья Звягинцева да эстафетада қоланы мүсе тұтты. Әлімжан Аяпов шахматтан командалық жарыста қола тақты.

Жылдың халықаралық басты жарыстарының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін аймақ басшылығы құттықтады. Өңірдің 33 159 спортшысы түрлі деңгейдегі 996 жарысқа қатысып, 13 927 медаль жеңіп алды, оның 4 494-і – алтын.

Спорттық медицина

1951 жылдан жұмыс істеп келе жатқан облыстық дәрігерлік-дене шынықтыру диспансері 1996 жылы жабылып қалған болатын. Облыс әкімдігінің қолдауымен Республика күні қарсаңында, 2023 жылғы 24 қазанда диспансер ресми түрде ашылды.

Спорт көптік қылмайды

Былтыр облыс бойынша 3 292 спорттық-бұқаралық іс-шара (ауылдық жерде – 1368) өткізіліп, 204 406 адам (ауылдық жерде – 100 575 адам) қамтылды. Дәстүрлі спартакиадаларға 25 207 тұрғын қатысты.

«Арт спорт» мемлекеттік спорттық тапсырысын іске асыру шеңберінде спорттың 23 түрін 196 секцияда 11 318 адам мен жасөспірім (оның ішінде 713 адам ауылдық округтерден) тегін айналысады.

Сонымен қатар, өңірдегі 35 спорт мектебінде 27 мыңнан астам бала (оның ішіндегі 7202 бала ауылдық жерлерден) жаттығуда, оның ішіндегі 1800 тәрбиеленуші – көп балалы отбасылардан және 207 жетім бала.



Не, қайда және қашан?

Өткен жылы облыстық бюджет есебінен жалпы құны 1 млрд. 106,6 млн. болатын теңгеге 13 спорт нысаны жөнделді. 7 ДШСК-ның құрылысы жүргізілуде. Бұқар жырау ауданы Ботақара ауылында 320 орындық кешеннің құрылысы аяқталды. Келесі жобалар 2024 жылға қалдырылды, олар: Бұқар жырау ауданы Мұстафин кенті, Абай ауданы Топар кенті, Приозерск қаласы, Ақтас кенті, Ақтоғай ауданындағы Сарышаған кенті және Қарқаралы қаласының стадиондары.

2023 жылы Қарағандыда екі футбол манежі, облыс бойынша 8 хоккей корты, 57 жасанды жабыны бар спорт алаңы және 55 Street-Workout спорт алаңы орнатылды.

2024 жылы облыстың 5 өңірінде (Қарқаралы, Бұқар жырау, Нұра, Шет және Ақтоғай аудандары) 7 тез салынатын спорт кешенін салу жоспарлануда.

Тез салынатын аз шығынды спорт кешендерінің құрылысы «Қазақстан халқына» қоры есебінен (Бүркітті, Шашубай, Ахмет, Өспен ауылдары) және ангар үлгісіндегі көпфункционалды спорт кешендері (Жарлы, Доскей, Ақалды ауылдары) «Самұрық – Қазына» АҚ есебінен жүргізілетін болады.

Бұл ретте барлық спорт нысандары мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолжетімді болуы тиіс екенін тағы да атап өтеміз.

Ерекше спортшылар мен жобалар

Қарағанды облысында мүгедектер спортына, оның ішінде, ерекше балаларға үлкен көңіл бөлінеді. Біздің өңірде аутизм, Даун синдромы бар және психикалық дамуы төжелген балаларды (Қарағанды, Теміртау, Саран, Шахтинск қалаларында 150 адам) жүзеге үйретуден республика бойынша жалғыз жоба іске асырылуда.

Былл мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде 64 млн. теңгеге тағы екі бағыт бойынша жоба жұмысы бастау алды: Даун синдромы және басқа да ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған жүзуден (Қарағанды, Теміртау, Шахтинск, Саран және Абай)

және жеңіл атлетикадан (Қарағанды және Теміртау). Бұл спорт түрлерімен 90 ерекше бала айналысатын болады.

Сондай-ақ, «АРТ спорт» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында Теміртауда кемтар балалар шахматпен айналысады, ал, Қарағандыда адаптивті таэквондо секциясына 62 бала барады.

2023 жылы облыстық мүгедектер спорты мектебінің жанынан сал ауруы бар балаларға арналған бочча бөлімшесі ашылды. Ондағы балалар республикалық және халықаралық жарыстарда көптеген медаль иеленді.

Біз үздіктер қатарындамыз

25 желтоқсанда Астана қаласының президенттік орталығында Туризм және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен 2023 жылдың қорытындысы бойынша «Үздік» салтанатты рәсімі өтті. Мекеме басшысы Ермек Маржықпаев спорт өкілдерін 18 номинациямен құттықтап, марапаттады. Естеріңізге сала кетейік, өткен жылы Қарағанды облысы «Үздік спорт аймағы» атағына ие болған еді. Осылайша, 2023 жылы биіктен көріндік!

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі «Үздік аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі» марапатына ие болды. Сонымен қатар, биыл ауданда спорттық ғимараттар саны 13 бірлікке (барлығы – 127 бірлік) өсті. Соның ішінде, Ботақара кентінде 320 орындық ДШСК, жасанды жабыны бар тоғыз алаң, екі Street Workout және көпфункционалды хоккей корты салынды.

Аяқталған VI жазғы спартакиаданың қорытындысы бойынша біздің өңір жалпы командалық есепте үшінші орыннан көрінді. Қоржынға 122 медаль түсті. Соның 45-і – алтын, 32-і – күміс, 45-і – қола. Осы жетістігіміз үшін министрліктен марапат алдық.

Ұлттық спорт

Қарағанды облыстық ұлттық спорт түрлерінен балалар-жасөспірімдер спорт мектебі 2000 жылдан бастап жұмыс істейді. Сонда 20 жаттықтырушы 393 баланы жаттықтырды.

Сонымен қатар, ДШЖБ қарасты 15 спорт мектебінде казак күресі (15 мектеп), тоғызқұмалақ (10 мектеп), жекпе-жек (2 мектеп), асық ату (5 мектеп), көкпар (7 мектеп), аударыспақ (5 мектеп), жамбы ату (2 мектеп), саятшылық (1 мектеп) сияқты 8 ұлттық спорт түрі дамытылуда. Оқушылардың жалпы саны – 3661 адам.

Кейінгі екі жылда жаттықтырушы-оқытушылардың 25 штаттық бірлігі бөлінді.

«Көкпар» спорт клубы 2023 жылдың басынан бері жұмыс істейді. Клуб толық жұмыс істеуі үшін 80 млн.теңге бөлінді. Құрамында 14 нұсқаушы-спортшы, жаттықтырушылар және басқа да қажетті қызметкерлер бар.

Жалпы облыс бойынша 11 ұлттық спорт түрі дамытылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасының сапана өңірдің 36 спортшысы кірді.

Темірхан АБЫЛАЕВ,
облыстық спорт және дене шынықтыру басқармасының басшысы

• БРИФИНГ

Нұрлы Нұра дамуында қарқын бар

Нұра ауданында биыл 100 орындық өнер үйі бой көтереді. Мәдениет ошағының қабырғасында балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелер ашылады деп жоспарлануда. Білім мен денсаулық сақтау саласында да жетістіктер бар. Ауданның тыныс тіршілігі қақында аудан әкімі Бақытжан Мұқанов өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте айтып берді. Өткен жылды қорытындылап, алдағы жоспарларымен бөлісті.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құрылыс – қарқынды

– Ауданды одан әрі дамытудың басымдықтары айқындалды. «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы бойынша Нұра кентінде 100 орындық Өнер үйін салу жоспарлануда. Сонымен қатар, осы жоба бойынша Изенді мен Ақмешіте ауылшілік жолдарды орташа жөндеу жоспарланған, – деді Бақытжан Мұқанов.

Аудан орталығында 600 орындық жайлы мектеп салынады. Үш ауылдық мектеп жөнделеді және бес оқу орнында қазандықтарды сыртқа шығару жоспарланған.

– Мынбаев ауылында дәрігерлік амбулатория, Тассуат, Мүзбел, Изенді ауылдарында ФАП-тар және Шұбаркөл кентінде, Құләнәтпес, Жанбөбек, Қарой, Алғабас ауылдарында медициналық

«Шұбаркөл Көмір» Акционерлік қоғамының ірі инвестициялық жобасы қуаттылығы 400 мың тонна арнайы кокс өндіру зауыты іске қосылды. Жобаның құны – 60 млрд. теңге. Ауданда тұрақты жаңа 184 жұмыс орны құрылды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша ауданда жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 1,7 мың бірлікті құрапты. Бұл – өткен жылдан 10%-ға артық. Шағын және орта бизнес өнімінің жылдық шығарылымы 39 млрд. теңгеден асты. Биылғы жоспарда осы көлемді тағы 2%-ға ұлғайту жоспарда бар екен.

Осы шағын және орта деңгейдегі кәсіпкерлер аудан халқының 30%-ын жұмыспен қамтып отыр. Мәселен, былтыр 302 жұмыс орны құрылған. Жұмыссыздық деңгейі – 2,8%. Бұл – облыс бойынша ең жақсы көрсеткіш.

Осы жылдың 1 қаңтарында жасалған көрсеткішке сүйенсек, аудандағы тұрмыс



пункттер салу жоспарлануда. «Қазақстан халқына» қоры есебінен Ахмет ауылында спорт залын салу жоспарлануда. Сондай-ақ, бұл ауылда қазандықты мәдениет үйінен сыртқа шығару бойынша жұмыстар жүргізіледі, – деді аудан әкімі.

Сонымен қатар, биыл бірқатар тұрғын үйлердің құрылысы аяқталып, Нұра кентіндегі саябақ абаттандырылды. Әскери шақыру пунктін жөндеу жоспарланған. 19 ауылда жарықтандыру тіректері мен ойын алаңдары жаңартылды. Қарой мен Заречное елдімекендерін жалғайтын жолға орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Құләнәтпес, Жараспай, Изенді ауылдарында су құбыры желілерінің құрылысы мен қайта қалыпқа кел-

деңгейі төмен тұрғындардың үлесі 1,3%-ды құрап отыр.

Ауыл шаруашылығы саласында оң өзгерістер бар

Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын негізге ала отырып, аудандағы ауыл шаруашылығы саласын дамыту мәселесі жүйелі жүргізілуде.

Аудан экономикасының негізгі салаларының бірі – ауыл шаруашылығы. Былтыр ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 57,6 млрд. теңгені құрады.

Дәнді дақылдардың егістік алқабы 293 мың гектарды құрап, өткен жылмен



тіру жұмыстарын аяқтау – биылғы меже.

Аудан басшысы былтыр тұрғындармен 100-ден аса кездесу өткізді. Жынға 1926 адам қатысып, 688-ден аса мәселе көтерілген. Оның 533-і өз шешімін тауыпты. 77,5%, яғни қалған 155 сұрақты шешу бойынша жұмыстар жалғасуда.

Инвестиция экономикаға қарқын қосады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбаты барысында инвестиция тарту қажеттілігі маңызды міндет екенін айтып, қомақты инвестиция болса, экономика қарқынды үдей түсетінін және жаңа мүмкіндіктер пайда болатынын атап өткен еді.

Өткен жыл басынан бері аудан экономикасына 59,7 млрд.теңгеге жуық инвестиция құйылыпты. 2022 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 15%-ға артық. Олардың 95%-дан астамы – жеке инвестициялар.

салыстырғанда 18,2 мың гектарға өсті.

Мал шаруашылығы саласы тұрақты дамып, жыл сайын өнім көлемі артып келеді.

Тасқынға қамданас – тастүйін

Нұра ауданы облысымыздағы су тасқыны қаупі бар аудандарының бірі. Аудан аумағында 21 елдімекенді су басу ықтималдығы басым. Елдімекендердің басым бөлігі Нұра өзенінің арнасында орналасқан. Су тасқыны кезеңінде төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық жедел штаб бекітілді. Барлық су тасқыны қаупі бар елді мекендерде жергілікті хабарлау жүйесі орнатылған.

2024 жылғы су тасқыны кезеңіне дайындық аясында 8 мың тонна инертті материал, 19 мың қашық, 32 тасымалдау сорғысы және 29 мотопомпа әзірленді. 2023 жылы «Қарағанды су қоймалары» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны «Қарасай» және «Файз» бөгеттерінде жөндеу жұмыстарын жүргізді.

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Әлеуметтің әлеуетін арттыру – міндет

2023 жылы халықтың барлық әлеуметтік қорғалмаған топтарына кешенді қолдау көрсетілді. Былтыр әлеуметтік салаға облыстық және республикалық бюджеттерден 14 млрд. 314 млн. 486,0 мың теңге бөлінді. Жыл соңындағы қорытынды бойынша бөлінген қаражаттың 99,92%-ы игерілді.

Жұмыспен қамту – басты міндет

Халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылға өңірлік жұмыспен қамту картасы бекітілді. Оған сәйкес 55 408 жұмыс орны ашылды. Бұл – жоспардың 102%. Оның ішінде, тұрақты жұмыс орындарына шамамен 21 мың адам орналастырылды. Тарқатып айтатын болсақ, 24 011 адам бос жұмыс орындарына жіберілді, жеке бастамалар аясында 17 600 жұмыс орны құрылды, 6 470 адам жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларымен қамтылды. Аталған шаралар аясында жастар практикасына – 844, қоғамдық жұмыс орындарына – 3 554, әлеуметтік жұмыс орындарына – 483, бірінші жұмыс орны – 471, күміс жас жобасына – 1092 және ұрпақтар келісімшартымен 26 адам қамтылды.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы кешені, жол, мәдениет, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, білім беру, өнеркәсіп, құрылыс, табиғат пайдалану және цифрландыру саласы бойынша Ұлттық жобалар шеңберінде 6 294 жұмыс орны құрылды. Оған 4 647 адам орналастырылды.

Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін өткен жылы кәсіпорындарда жалақысын субсидиялай отырып, 12 арнайы жұмыс орны құрылды. Жұмыс берушілер мүгедектігі бар адамдардың физиологиялық шектеулерін өтеуге арналған арнайы жабдық сатып алды.

Грант саны артады

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауына сәйкес өткен жылы жастар кәсіпкерлігін дамыту үшін 365 несие берілді. Оның ішінде, қалаларда – 131, ауылдарда – 234 несие рәсімделді. Несиенің жалпы сомасы – 1 млрд. 620 млн. теңге, жылдық пайыздық мөлшерлемесі – 2,5%.

Сонымен қатар, кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы бойынша халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 212 грант (1 грант мөлшері 400 АЕК – 1,38 млн. теңге) берілді. Оған 263,58 млн. теңге бөлінді.

Сондай-ақ, 2023 жылы «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы бойынша өңіраралық еңбек ұтқырлығы (Оңтүстік-Солтүстік) шеңберінде 33 адам қоныс аударды.

Әлеуметтік қолдау жалғасады

Аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік қолдау мәселесінде де үлкен жұмыс жүргізілуде. Былтыр 1 қантардағы жағдай бойынша облыс бойынша 2 088 аз қамтылған отбасы немесе 9 640 адам атаулы әлеуметтік көмек алды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,2%-ға аз. Қазіргі таңда 2,7%-ды құрайды.

Халықтың кедейлік деңгейі 0,8 пайызға төмендеді. Өткен жылдың 3 тоқсанының қорытындысы бойынша 3,5% құрады. «AMANAT»



партиясының сайлауалды бағдарламасын орындау мақсатында облыста «Жаңа» отбасы институтын қолдаудың 7 орталығы құрылып, жұмыс істеуде. Онда 5 702 қызмет түрі бойынша жұмыс жүргізілді, 6109 қызмет көрсетілді.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек

Әлеуметтік саясаттың басым бағыттарының бірі – ерекше қажеттіліктері бар адамдардың проблемаларын шешу. Облыста мүгедектігі бар 55 мыңнан астам адам (55128) тұрады. Бұл – жалпы халықтың 4,9%-ы.

2023 жылы мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдауға бюджеттен 7,6 млрд. теңге бөлінді. Жыл қорытындысы бойынша мүгедектігі бар адамдарды қамтамасыз ету 93,6%-ды құрады. Мүгедектігі бар адамдар 2021 жылдан бастап, Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы оңалтудың техникалық құралдарына тапсырыс береді және алады. Былтыр мүгедектігі бар адамдар әлеуметтік қызметтер порталы арқылы 32 371 тапсырыс жасады. 245 әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы нысаны бейімделді.

Қосымша қолдау бар

Бүгінгі таңда облыста 12 Ұлы Отан соғысы ардагері, жеңілдіктер бойынша оларға теңестірілген 2 100 адам, 3 625 тыл еңбеккері тұрады. Былтыр облыстың қалалары мен аудандарының бюджеттерінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ұсынымына сәйкес біржолғы материалдық төлем жүзеге асырылды. Оның ішінде, ҰОС қатысушыларына 1,5 млн. теңге, концлагерлердің бұрынғы көмелетке толмаған тұтқындарына – 100 мың теңге, жаламалы құрамдағы адамдарға – 100 мың теңге, Ленинград қаласында блокада кезеңінде жұмыс істеген азаматтарға – 60 мың теңге, ҰОС жылдарында қаза тапқандардың жесірлеріне – 30 мың теңге, тыл еңбеккерлеріне – 30 мың теңгеден берілді.

2023 жылдан бастап, облыстық мәслихат-

тың бастамасы бойынша басқа мемлекеттердің аумағында болған жауынгерлік іс-қимыл ардагерлеріне біржолғы материалдық көмек мөлшерін 150 000 теңгеден 200 000 теңгеге дейін ұлғайту туралы мәселе іске асырылды. Сондай-ақ, былтыр Тәуелсіздік күніне орай 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларының 21 қатысушысына 400 мың теңгеден біржолғы көмек төленді.

186 ардагер Түркістан облысының «Ақсу Демі» санаторийінде санаторий-курорттық ем алды. Оған 43,5 млн. теңге бөлінді.

Жеңіс күні қарсаңында Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне әрқайсысына 2 млн. теңге мөлшерінде материалдық көмек көрсетілетін болады. Оларға теңестірілген адамдар да мемлекет тарапынан назардан тыс қалмайды. Сондай-ақ, 376 ардагерді 100 млн.теңгеге санаторий-курорттық емдеумен қамту жоспарлануда.

Жұмыс жүйелі жүргізіледі

Облыста арнаулы әлеуметтік қызметтерді 12 ведомстволық бағынысты басқару мекемесі ұсынады. Оның ішінде 1, 2 топтағы мүгедектігі бар адамдар мен жалғызбасты қарттарға арналған 4 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы, психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға арналған 5 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы, сонымен бірге, Қарқаралы ауданының оңалту орталығы, Балқаш қаласының мүгедектігі бар балаларға арналған оңалту орталығы жұмыс істейді.

2023 жылдың қорытындысында облыс бойынша аталған орталықтарда арнаулы әлеуметтік қызметтермен 3 491 адам қамтылды. Оның ішінде, мүгедектігі бар балалар – 225, психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан – 1 848 адам, 394 жалғызбасты қарт пен мүгедектігі бар жан. Оңалту орталықтары арнаулы әлеуметтік қызметтермен 1024 адамды қамтыды. Облыс бойынша барлығы 9 558 адам арнаулы әлеуметтік қызметтермен қамтылды.

2023 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде басқарма үкіметтік емес ұйымының 8 жобасын іске асырды. Осы жобаларды іске асыруға бөлінген сома – 84,5 млн. теңге. 2024 жылға бөлінген сома көлемі 81,6 млн. теңгені құрайды.

Халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру аясында басқарма жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру немесе ұзарту, қандас мәртебесін тағайындау немесе ұзарту мемлекеттік қызметтерін көрсетеді. 2023 жылы 470 адам қандас мәртебесін алды, шетелдік жұмыс күшін тартуға 499 рұқсат берілді. Сонымен қатар, 11 адам пана іздеуші мәртебесімен тіркелді (Ауғанстаннан – 10 адам, Украинадан – 1 адам). 4 Украина азаматы босқын мәртебесін алды.

Есем ЖҮНИСПЕКОВА,
облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы

Ерсін Көкенұлы РАХИШЕВ



2024 жылдың 20 қаңтарында 79 жасында Ерсін Көкенұлы Рахисhev өмірден өтті.

1945 жылы Павлодар облысы Сарғамыс ауылында туған. 1971 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетін бітірді.

Еңбек жолын № 9 Қарағанды қалалық ауруханасында дәрігер-терапевт қызметінен бастады, кейін терапевтік бөлімшенің меңгерушісі болып тағайындалды. 1975 жылдан бастап №3 Қарағанды қалалық ауруханасының кардиоревматология бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеді, 1981 жылы осы аурухананың бас дәрігерінің орынбасары болып тағайындалды. 1982 жылдан 1986 жылға дейін Қарағанды қалалық денсаулық сақтау бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметін атқарды. 1989 жылдың тамызында Қарағанды облыстық диагностикалық орталығының бас дәрігері болып тағайындалды, 1997 жылы Қарағанды облыстық көпсалалы емдеу-диагностикалық бірлестігі болып қайта құрылды, онда 2006 жылға дейін жұмыс істеді.

Ерсін Көкенұлы Рахисhev – Қарағанды облысының денсаулық сақтау саласының жетекші ұйымдастырушыларының бірі болды. Осы салада отыз бес жылдан астам уақыт жұмыс істеп, қарапайым дәрігерден бастап, медициналық бірлестіктің директорына дейін жұмыс істей отырып, ол облыстың денсаулық сақтау саласын дамытуға және нығайтуға айтарлықтай үлес қосты. Еңбек қызметінің әр кезеңінде ол жұмыстағы құзыреттілігімен, еңбекқорлығымен және тапсырылған іске жапашыл көзқарасымен ерекшеленді. Оның ұйымдастырушылық қабілеті диагностикалық орталықты құру кезінде толық ашылды.

Е.К.Рахисhev – Қазақстанның диагностикалық орталықтары қауымдастығының Тұңғыш Президенті. 1993 жылы Ерсін Рахисhevтің бастамасымен Қазақстан Республикасында емдеу-диагностикалық процесті автоматтандыратын жалғыз аппараттық-іздістелу жүйесі құрылды. Оның басшылығымен жылжымалы диагностикалық кешен құрылды, ол дәрігерлік бригадалардың Семей полигонына іргелес орналасқан аудандарға шығып тұрды.

1996 жылы Ерсін Рахисhev «Орталық Қазақстанның экологиялық апат өңіріндегі ауыл тұрғындарының сырқаттанушылығы» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертация қорғады. Ол үш авторлық куәліктің, бес әдістемелік ұсынымның және жүзге жуық ғылыми мақаланың авторы болып табылады. Оның республиканың денсаулық сақтау саласын дамытуға қосқан үлесі «КСРО Денсаулық сақтау үздігі» белгісімен (1986 ж.), «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау үздігі» белгісімен (2002 ж.), сонымен қатар көптеген грамоталармен атап өтілген.

Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы және облыстың медициналық ұйымдарының басшылары туған-туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтады.

Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы
№29

Қарағанды облысы әкімінің аппараты қаржы-шаруашылық бөлімінің бас инспекторы Ирина Александровна Рыскинаға орны толмас ауыр қаза жолдасы

Андрей Иванович Рыскиннің

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Көкбөрі Керней баба» қоғамдық қайырымдылық қоры қожанышыры, Шет өңіріне есімі белгілі ел азаматы

Серік Смағұлұлы СҮЙЕҮБАЙДЫҢ

қайтыс болуына байланысты, марқұмның отбасы қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
(Марқұмның жаназасы 24.01.2024., сағ. 10.00-де шығарылып, қонақасы сол күні сағ. 12.00-ден бастап «Әнет баба» мешітінде беріледі)
№30

Мәдениетті қоғам мәртебемізді асырады

Мәдениет – ұлт өмірінің айнасы, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан халықтың рухани келбеті, парасат-пайымы.

Қазіргі уақытта облыстың әлеуметтік-мәдени инфрақұрылымына 572 мемлекеттік мәдениет және архив ұйымдары кіреді. Сала қызметі тұрақты шығармашылық ізденіске, инновациялық жобаларды, жаңа технологияларды енгізу бойынша жүйелі жұмысқа, стандартты емес нысандар мен әдістерді іздеуге бағытталған. Бұл оң өзгерістерге, міндеттерді шешуге, жоспарларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қарағанды облысында 4 театр және 1 концерттік ұйым жұмыс істейді. Бүгінгі таңда театрлардың репертуарында 243 спектакль. Репертуарды жаңарту үшін жыл сайын облыстық бюджеттен жаңа театр қойылымдарына қаржы бөлінеді. Есепті кезеңде театрлар 19 жаңа қойылым қойды. Театр-ойын-сауық ұйымдары 2000-нан астам спектакльдер мен концерттерді көрсетті.

Сондай-ақ, республикалық және халықаралық фестивальдерге қатысып жүр. Олар Испания, Түркия, Жапония, Оңтүстік Корея, Литва, Ресей сияқты мемлекеттерде өз өнерлерін көрсетті.

2023 жылы мәдениет пен өнердегі шығармашылық жетістіктерге толы болды. Атап айтқанда, Алматыда өткен Нұрғиса Тілендиев атындағы республикалық байқауда Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің жас дирижері Әбілқайыр Сағымбаев үздік дирижер атағын алды, Оңтүстік Кореяның Чонан қаласында өткен Fiday-2023 фестивалінде Қали Байжанов атындағы Қарағанды концерттік бірлестігінің «Аққу» және «Арқа сазы» ұжымдары байқауда жеңіске жетіп, құрметті екінші орын, Республикалық театрлар фестивалінде балалар мен жасөспірімдерге арналған Теміртау театры бірінші орынды және «Үздік актриса» номинациясын Наталья

Снегирева жеңіп алды.

Арқаға алғаш рет «Алтын домбыра» келді. Мақсат Ақанов ел абыройын асқаттағты. Ақын Жанат Жаңқаушылы «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығын алды.

С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театры биыл көптеген марапаттарға ие болды. Мәселен, Талдықорған қаласындағы «Viken» Халықаралық театр фестивалінде «Үздік режиссура» номинациясында Айдын Салбанов үздік деп танылды. Арнайы «Шолпанның ізбасары» сыйлығын актриса Апель Сағындықова иеленді.

Петропавл қаласында өткен Қазақстан драма театрларының республикалық фестивалінде Сәкен театры «Үздік сценографиялық шешім» номинациясын еншіледі. Оман Сұлтанұлының Маскат қаласында өткен IV Халықаралық «Аладдин» фестивалінде «Үздік костюм» аталымы бойынша марапатқа ие болды.

Испанияның Коста-Брава қаласында өткен халықаралық орындаушылар байқауында Қарағанды музыкалық комедия театрының солист-вокалисті Елена Федорова «Академиялық вокал» номинациясында I орын алды.

Астана қаласында өткен «Рухани қазына-2023» республикалық фестивалінде 200-



ге жуық музей, кітапхана және мәдени-ойын-сауық орталықтарының қызметкерлері қатысты. Байқау қорытындысы бойынша «Ауылдық маңызы бар үздік музей» номинациясы бойынша Долинка кентіндегі Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу музейі I млн. теңге көлемінде қаржылай жүлде алды. «Мәдени-демалыс ұйымдарының үздік көркемдік жетекшісі-2023» номинациясында Теміртау қалалық мәдениет сарайы директорының шығармашылық жөніндегі орынбасары Лариса Браун 300 мың теңге ақшалай сертификатпен иеленді.

Бұқар жырау Қалқаманұлының 355 жылдығына арналған «Армысың, әз Наурыз!» республикалық ақындар айтысы өтті. Оған Қызылорда, Жамбыл қалаларынан 12 ақын қатысты.

Балқаш қаласында алғаш рет екі күн ішінде «Балқаш Tourfest – 2023» ауқымды фестивалі ұйымдастырылды. Мерекеге Қарағанды, Екібастұз, Астана қалаларынан вокалистер, музыкалық топтар мен хореографиялық ансамбльдер жиналды.

С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрында Қалибек Қуанышбаевтың 130 жылдығына арналған «Сын – шын болсын» республикалық фестивалі дүркіреді. Фестивальге Қазақстанның 10 театры келді.

Сонымен қатар, Шет ауданының Талды алқабында тарихи-археологиялық паркінің «Талды – әлемдік өркенінің қиылысында» халықаралық археологиялық-этнографиялық фестивалі өтті. Фестиваль аясында отандық және шетелдік археологтардың, тарихшылар мен өлкетанушылардың қатысуымен ғылыми конференциялар, қола балқыту, дәстүрлі киім жасау, қыш жасау және т.б. бағыттар бойынша шеберлік сыныптары, экскурсиялар мен көрмелер ұйымдастырылды.

Алғаш рет XII Халықаралық оперетта фестивалі және «DosStar» мюзиклі аясында бір күнде «Летучая мышь» опереттасындағы (Иоганн Штраус) басты партияларды төрт елдің солистері орындады. Сондай-ақ, фестивальге Әзірбайжан мен Франциядан келген оперетта және мюзикл әртістері қатысты.

Ірі концерттік ұйымдардың бірі Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестік 85 жылдығын атап өтті. Сондай-ақ, Абай атындағы облыстық балалар кітапханасының 70 жылдығын мерекелеу аясында шаралар атқарылды.

Үш облыстық театрға гастрольдік тур-

ларға ыңғайлы автобустардың кілтті табыс-талды.

Кейінгі 2 жыл ішінде 70-ке тарта мәдениет саласының қызметкері, атап айтқанда, әртістер, әншілеріміз, дыбыс және сахна қызметкерлері армандаған пәтерлердің кілтін алды. Бұл үрдіс жалғасын табады.

Осы жылдың қыркүйек айынан бастап, барлық облыстық денгейдегі мәдениет мекемелері қызметкерлерінің еңбек ақысына 30% ынталандыру үстемәксіс облыстық бюджеттен қосылады. 2024 жылы 2 мың 360 адамға 1 млрд. 48 млн. 175 мың теңге қарастырылды.

Қарағанды облысында 15 мемлекеттік архив жұмыс істейді. Онда 5779 қор сақталады, бұл 2 млн. 347 мыңнан астам сақтау бірлігін құрайды. 2023 жылы облыстың мемлекеттік архивіне 20,5 мыңнан астам іс қабылданды.

Архив саласында да мақтануға тұрарлық жетістіктер бар. «Қарағанды облысының мемлекеттік архиві» КММ архившілер тобы V Республикалық «Жас архившілер» байқауына қатысып, 1 000 000 млн. теңге көлемінде бас жүлдені жеңіп алды.

2024 жылы Қарағанды қаласының 90 жылдығы, Қарқаралы ауданының 200 жылдығы, Н.Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының 90 жылдығы атап өтіледі.

Жыл сайынғы іс-шараларға «Қош келдің, әз Наурыз!» театрландырылған қойылымы, мәдениет және өнер қызметкерлеріне облыс әкімінің сыйлығы, Ұлттық домбыра күні, «Музыкалық Сарыарқа» халықаралық фестивалі, «DocStar» оперетта және мюзикл фестивалі, Республикалық театр фестивалі кіреді.

Еркебұлан ЖУМАКЕНОВ,
облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы



● ЖАЗУШЫ, ЭТНОГРАФ ТӨРЕХАН МАЙБАС – 70 ЖАСТА

Мерейлі сәтте бірге болайық!

Қаламы қарымды жазушы, этнограф, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Төрехан Майбастың 70 жылдығына арналған шығармашылық кеш 26 қаңтарда Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрында өтеді.



Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Кездесі қазынаға толы абыз жазушы қолынан қаламын тастамай жазуға адал бола білді. Нәрлі шығармалармен қатар, Арқа өлкесінің тарихын, шежіресін бір кісідей түгендеді. Өмірін журналистикаға арнады. Әр жазбасы бір кітапқа татырлық танымдық дүниелері – бір төбе.

Бүгінде Төрехан Майбастың әр макаласын газет бетінен оқырмандары асыға күтіп отырады. Кез келген даулы мәселені де түйінін дәп қоя білетін кең тынысты публицист.

Жуырда «Алжыған ғасыр» атты жаңа кітабын жарыққа шығарды. Аталған кітаптың тұсаукесері 26 қаңтарда Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада 10:00-де өтеді. Бұл шара 14:00-де Сәкен театрында жазушының 70 жылдығына арналған мерекелік кешке ұласпақ.

Айтулы кешке Серік Ақсұңқарұлы, Светкали Нұржан, Құлтөлеу Мұқаш, Ерлан Төлеуғай, Бауыржан Омарұлы, Нұрғөре Жүсіп, Аманжол Әлтай, Жанарбек Әшімжан, Ербол Алшынбай сынды қалам иелері қатысады деп күтілуде.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● ТАҒЫМ

Атажұртқа оралған аманат


«Ең соңғы солдат жерленбей соғыс бітпейді» деген сөз бар. Екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан Қарағанды облысының тумасы, жауынгер Қалхай Сармантаевтың туған-туыстарына «Ерлігі үшін» медалі, жеке заттары мен бейітінің бір ұыс топырағы тапсырылды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қалхай Сармантаев 1943 жылы майданға аттанған. Екінші Балтық майданының 288-ші Днов атқыштар дивизиясының 1014-ші атқыштар полкінің қатарында соғысқан. Жеңіске үш ай қалғанда қайтыс болған.

Ерлікпен қаза болған жерлес жауынгер сүйегі 2023 жылы Латвияда Сеļš іздеу отрядының далалық сапары кезінде қабірстаннан табылған. Жауынгер мүрдесін «Ерлігі үшін» медалінің нөмірі бойынша анықтаған. Қарағандылық жауынгердің қолданған жеке заттарын темір қасық пен қайрақ табылған.

– Тек Қарағанды облысынан 45 мың адам сол сұм соғысқа аттанды.



Суреттер облыс әкімінің сыйлығы

Біздің аталарымыз бен әкелеріміз батырлықтың өшпес үлгісін көрсетіп, есімдерін адамзат тарихына алтын әріптермен жазды. Атамнұп Amanaty қоғамдық бірлестігінің өкілдері осындай қаһармандарымызды ұмытпау үшін, ұлықтау үшін қыруар жұмыс атқаруда, – деп Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын Достық үйінде сарбаздың туыстарымен болған кездесуде.

– Ұйымның негізгі миссиясы – екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Қазақстан аумағынан майдан даласына шақырылып, хабар-ошарсыз кеткен жауынгерлерді іздеу. Орта Азия бойынша жүйелі мұрағаттық іздеу әрі далалық зерттеумен айналысатын жалғыз бірлестігіміз деп

айтсақ болады. Майданнан қайтпаған жақын-жуығын іздер жан болса, form.ata-amanaty.kz web-сайтына көз жүгіртіп, із болмаса, +7-771-287-21-11 жедел желісіне қоңырау шала алады. Қосымша іздеу салу мақсатында Instagram: ata.amanaty, Telegram: t.me/ata_amanaty_2023 парақшаларына әркім тиісті өтінішін қалдыра алады. Бүгінде біз 7,5 мыңнан астам өтінім алдық. Оның 2000-ы сөтімен орындалды. Орта есеппен ай сайын біз 50-ге жуық жауынгер қақында дерек пен дәйек тауып жатамыз. Тек соңғы екі жылда ғана із-түзсіз кеткен 19 жауынгердің сүйегі атамекенге жеткізілді. Өкінішке қарай, Қалхай Сармантаевтың сүйегін атажұртқа әкелу мүмкін болмады. Сәйкестен-

діру медаль бойынша болды, – деп Атамнұп Amanaty қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мұрат Молдағалиев.

Атамнұп Amanaty бірлестігінің өкілдері Қалхай Сармантаевтың ұрпақтарын – туған немерелері Бірлік пен Серік Қалқаеты іздеп тапты. Олар аталарының Қарағанды облысындағы Ленин колхозында басшылық қызмет атқарғанын баяндады. Жауынгер жоғары білімді болған, тіпті, өлең де жазған көрінеді. 1943 жылы майданға кеткенде оның соңында әйелі мен үш баласы қалған. 1945 жылы қаралы хабар келген. Қарағандылықтың Латвия үшін шайқаста қаза тапқаны туралы хабарланды. Бірақ қай жерде жерленгені көрсетілмеген.

– Біздің атамыз Қалхай Сармантаев 1943-1944 жылдары үш рет жараланып, 1945 жылы 28 қаңтарда қайтыс болды. Өткен жылы оның қай жерге жерленгенін білдік. Атамнұп Amanaty бірлестігіне риясыз ризашылығымызды жеткіздік. Біз атамның қабірінен жеткен топырақты Ақтоғайдағы зиратқа апарамыз. Аман қанша, атамыз нақынды мағлұмат аз. Бірақ, үлкендердің айтуынша, ол 13 жыл колхозда жұмыс істеген, 43 жасында өз еркімен соғысқа аттанған. Артында екі қызы мен ұлы қалған, – деп бөлісті сарбаздың немересі Серік Қалқабев.

Мұрат Молдағалиевтың айтуынша, бүгінде Мәскеуде сараптамадан өтіп жатқан тағы үш қазақстандық сарбаздың сүйегі бар.

қолтаңбасы Кеншілердің мәдениет сарайында, теміржол вокзалының ғимаратында қалғанын атап өту ләзім.

● КӨРМЕ

Талант пен тарих үндесіп...


Бейнелеу өнері мұражайында Суретшілер одағының 60 жылдығына орай «Қарағандының көркемдік бастаулары» көрмесі басталды деп хабарлады мұражай мамандары. Мұражай қызметкерлерінің айтуынша, қорда 60 жұмыс бар. Олардың қатарына фотосуреттер, картиналар, мүсіндер толықтырып тұр. Мұның бәрі қарағандылық бейнелеу өнері шеберлерінің туындысы. Қарағанды қаласының 90 жылдығы мен Суретшілер одағының 60 жылдығы қатар келген мерейлі жылда мұражай осындай мәнді көрме ұйымдастырды.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

– 2024 жыл мерейтойлық атаулы күндермен есте қалмақ. Атап айтқанда, қаланың 90 жылдығы және Қарағанды Суретшілер одағының 60 жылдығы. Екі мерейтойдың маңызы зор. «Қарағандының көркемдік бастаулары» көрмесі – «Суретшілер одағы – 60» көрме циклінің алғашқысы. Көрмеден Қарағандыдағы бейнелеу өнерінің бастауында тұрған –

Владимир Эйферт, Павел Фризеннің жұмыстары орын алған. Жалпы, көптеген суретшілер сол кезеңде қуғын-сүргінге ұшырап, тағдырдың жазуымен Қарағандыға келді. Дарынды суретшілер қаланы безендіруге үлес қосты. Портреттер салды, алғашқы өнер үйірмелерін ұйымдастырды. Қаланың көркемдік өмірі осы тұлғалардан тамыр тартады, – дейді мұражай директоры Бибігүл Құлабаева.

«Суретшілер одағы – 60» циклінің көрмесі жыл он екі айға созылады.



Суреттер облыс әкімінің сыйлығы



– Циклдің бірінші көрмесі – Қарағандының 50-60 жылдардағы бейнелеу өнеріне арналса, келесі экспозиция – бұл 70-ші жылдарды қамтиды. Барлығы Қарағандының өткен тарихы, өндіріс, сондай-ақ, қаланың дамуына үлес қосқан сол кездегі қайраткерлердің портреттері туралы 60 жұмыс ұсынылды, – дейді көрме кураторы, мұражай директорының орынбасары Мейрамгүл Елубаева. – Әрине, Қарағандыда көрмелер 1964 жылы Суретшілер одағы құрылғанға дейін де өтті. Алғашқы көрме 1945 жылы ұйымдастырылса, ал, 1956 жылы Қарағанды көркемөнер-өндірістік шеберханасы ашылды.

Көрменің фотоблогы негізінен 1953 жылдан Қарағандыда тұрған мүсінші-монументалист Николай Рыбецкийдің еңбектерінен жасақталған. Мүсіншінің

Кескіндеме – бұрынғы суретшілердің суреттері. Олардың көпшілігі Ұлы Отан соғысының қатысушылары – Виктор Крылов, Павел Реченский, Павел Андриук, Петр Антоненко. Ал, көрменің мақтаншысы – өңірміздің тұңғыш қазақ суретшісі Райымқұл Есіркеев. Ол – Қарағанды Суретшілер одағының негізін қалаушылардың бірі.

Анатолий Билык пен Юрий Гуммельдің еңбектері мүсін блогында орналасқан. Анатолий Билықтың жұмысы Украина мен Қазақстанның қалаларына көрік берді. Қарағандыда ол Юрий Гуммельмен бірлесіп, Кеңес Одағының Батырлары Нұркен Әбдіров пен Зоя Космодемьянскаяға ескерткіштер жасаған.

Көрме қантардың соңына дейін жалғасады.

● БОКС

Үштің өзі – күш

Сербияның Сомбор қаласында бокстан халықаралық турнир өтті. Аталған турнирде ел намысын қорғаған спортшылар арасында қарағандылық былғары қолғап шеберлері де болды.

Атап айтсақ, Қарағанды жоғары спорт шеберлігі мектебінің тәрбиеленушілері Гүлназ Бөрибаева мен Анита Адишева 48 келі салмақта өнер көрсетіп, қола жүлдені жеңіп алды.

Спортшы қыздардың жеке жаттықтырушысы – Елдос Сайдалиев.

● ВОЛЕЙБОЛ

Әскерилер сайысты

Ұлттық Ұланның 6697 әскери бөлімінде спорттық-бұқаралық шаралар жоспарына сәйкес волейболдан «Орталық» өңірлік қолбасшылығының біріншілігі өтті. Жарысқа «Орталық» өңірлік қолбасшылығының 22-ші спартакиадасы аясында Солтүстік Қазақстан облысы, Қарағанды, Ақмола және Қостанай облыстарының әскери бөлім командалары қатысты.

Жарыс қорытындысында I орынды петропавлдык 6637 әскери бөлімі иеленді. Екінші сатыға Теміртаудың 5516 әскери бөлімі тұрақтаса, Ұлттық Ұланның 6697 әскери бөлімі III орынға жайғасты.

– Бүгін әскери бөлімінің тарихында бірінші рет кейіннен салынған жаңа спорт залда қонақтарды қабылдадық. Спорт залы – өте кең және спорттық жабдықтармен қамтылған. Қорытынды бойынша, Бас қолбасшының кубогының несі анықталды. Жеңімпаз команда республикалық жарысқа Ұлттық Ұланның атынан қатысады, – деп атап өтті 6697 әскери бөлімінің командирі, полковник Талғат Әбдіров.



● ХОККЕЙ

Алтыншы орынға көтерілді

Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы ел чемпионаты аясында сырт алаңда «Құлагер» клубымен кездесіп, 2:1 есебімен жеңіске жетті. Бұған дейін жерлестер «Ақтобе» клубынан да 5:1 есебімен басым түскен болатын.

Жерлестер қарқыннан жаңылмай бірінші айналымның сегізінші минутында есеп ашты. Гол авторы – Егор Кузьменко.

Араға екі минут салып, қарсылас команданың шабуылшысы Виталий Шульга Артем Мукушиннің қақпасынан саңылау тауып, таразы басын теңестірді.

Десе де, екінші айналымда шабуылшы Евгений Григоренко соққан голынан соң жерлестер есепте алға шықты.

Үшінші айналымда таблодағы есеп өзгермей, жерлестер үш ұпай еншіледі. Қазір «Сарыарқа» 45 ойында 48 ұпаймен VI орынға көтерілді.



Дайындаған Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – **Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**

Бас редактор – **Е.К. МУСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш, Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № K218VRY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонна хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD0003131,
БИК KСJZKZXX БИН 000840001412

Таралымы 5 416

№9 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Салтанат ШИЯШ**